

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Амангелді ауылдық округі Тлеусай ауылының оңтүстік-шығысынан үш шақырым қашықтықта тұрған ірі қара мал табынында бруцеллез ауруы бойынша шектеу шараларын тоқтату туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Амангелді ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 16 қаңтардағы № 2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 31 қаңтарда № 4561 болып тіркелді

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Занының 10-1 бабының 8) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 16-11/282 ұсынысы негізінде, Амангелді ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Амангелді ауылдық округі Тлеусай ауылының оңтүстік-шығысынан үш шақырым қашықтықта тұрған ірі қара мал табынында бруцеллез ауруы бойынша шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Амангелді ауылдық округі Тлеусай ауылының оңтүстік-шығысынан үш шақырым қашықтықта тұрған ірі қара мал табынында бруцеллез ауруы бойынша шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Амангелді ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 11 қыркүйектегі № 05, (2017 жылғы 27 қыркүйектегі № 4324 нормативтік құқықтық актілер мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген, 2017 жылғы 06 қазан № 44 "Кішкенекөл таңы" және "ҚызылТу" аудандық газеттерінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы рет ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі

*Солтүстік Қазақстан облысы
Уәлиханов ауданы
Амангелді ауылдық округінің
әкімі*

Қ.Жексембаев